

# Дебат клубы



**Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінің пікірсайыс клубының жылдық жұмыс жоспары  
2022-2023 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1.	Кіріспе. Оқушыларды дебат клубының мақсаттарымен таныстыру, дебат клубының жоспарымен таныстыру, формат ережелерімен таныстыру	Қыркүйек	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
2.	«Қазіргі қазақ жастарының ой-өрісі қандай» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Қазан	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
3.	«ҚР тәуелсіздігіне 31 жыл» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Қараша	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
4.	«Қазіргі қазақ жастары қаншалықты патриот» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Желтоқсан	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
5.	«Тәртіп пен тәрбие білім берудегі басты құндылық» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Қаңтар	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
6.	«Мамандық таңдауға әсер етуші негізгі факторлар» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Ақпан	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
7.	«Салт-дәстүрін сақтай білген жастар-ұлт болашағы» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Наурыз	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
8.	«Көркем мінезді болу жолдары, үлкенге құрмет-кішіге ізет» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат ұйымдастырып, өткізу	Сәуір	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова
9.	Атқарылған жұмыс бойынша есеп, қорытынды кездесу	Мамыр	Дебат жетекшілері В.Сайдуллаева Л.Сванкулова

Дайындаған  
Ю.Атабаева

**Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебіндегі «Жалын» дебат клубы  
мүшелерінің тізімі**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b>	<b>Сыныбы</b>
1.	Эргаш Назар	10-«А»
2.	Закиржан Рамазан	9-«В»
3.	Толкинов Жамшид	9-«В»
4.	Паччаханова Зилола	9-«Г»
5.	Абдуллаева Азиза	9-«В»
6.	Атажанова Сарвиноз	9-«В»
7.	Мамитов Абутолиб	9-«В»
8.	Муталипов Сардор	9-«В»
9.	Закирова Севинч	8-«А»
10.	Нарзуллаева Наима	8-«А»
11.	Ташметова Умида	8-«А»
12.	Жорашева Бону	8-«А»

**Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебіндегі «Jastar » дебат клубы  
мүшелерінің тізімі**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b>	<b>Сыныбы</b>
1.	Сулейменова Севинч	9-«В»
2.	Камилова Умида	9-«Г»
3.	Эргашев Жамшид	9-«А»
4.	Эркинов Юсуфбек	9-«А»
5.	Бахтиярова Севара	9-«В»
6.	Азамхан Индира	9-«Г»
7.	Бердикулова Аяжан	9-«Г»
8.	Жорабекова Хасият	9-«Г»
9.	Аубакирова Зилола	9-«Б»
10.	Атажанова Асрора	9-«А»
11.	Алиханова Махинур	9-«В»
12.	Халибеков Сардор	9-«В»

Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде 22 қазан күні Республика күніне атап "Мен өз елімнің азаматымын" тақырыбында мектепшілік пікірсайыс ойыны өткізілді. Дебат АПФ форматта өтті.

Дебат ойынының мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, сондай-ақ еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі оң өзгерістерді кеңінен насихаттау, қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік пен патриотизм таныту.

Пікірсайыс қорытындысы бойынша:

I орын «Нұрлы болашақ» фракциясы

II орын «Әділет пен Ақиқат» фракциясы

III орын «Ұшқын» фракциясы

Пікірсайыс соңында төреші «Нұрлы болашақ» фракциясының өнерін жоғары бағалап, оқушыларға алдағы пікірсайыстарда сәттілік тіледі. Пікірсайыс ойыны ол бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеуге, қаншалықты шынайы ақпарат егендігін негізге ала отырып шешімдерін қабылдаймыз. Жас ұрпаққа заман талабына сай бәсекелестікке бейімделіп отырған аудандық пікірсайыс алдағы отырған аудандық пікірсайыс алдағы уақытта да жетер жетістіктері биік деп сенеміз!!!





**Мен өз елімнің  
азаматымын!**



Қазіргі кезде мектепшілік дебат технологиясын дамыту өзекті мәселе. Себебі, оқушылардың бойында саяси мәдениетті, өз әрекеті үшін өзі және қоғам алдындағы жауапкершілікті, шығармашыл, өз ойын ашық, өткір жеткізе алатын, сыни тұрғыда ойлау қабілетін қалыптастыру қажет.

Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде 9 қараша күні «Жалын» дебат клубының жоспарына сәйкес «БП. Үй тапсырмасын бастауыш сыныптан босату керек д.е» тақырыбында пікірсайыс ойыны өткізілді. Пікірсайысқа «Заман біздікі» және «БЭМС» фракциялары қатысты. Оқушылардың өз дайындықтары, өздерін ұстаулары, сөйлеу мәдениеті мен сөз алу тәртібі бойынша дебатқа деген ынталарын танытты. Нәтижесінде «Заман біздікі» фракциясы жеңіске жетті.



Қоршаған ортаға сын көзбен қарап, оның дамуына өзіндік үлес қосуға итермелейтін күш қазіргі жастарымыздың бойынан табылады. Осы орайда олардың жан-жақты дамуы үшін пікірсайыс та өте қажет.

Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде 16 қараша күні «Жалын» дебат клубының жоспарына сәйкес «БП. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар мен үйірмелердің маңызы» тақырыбында пікірсайыс ойыны өткізілді. Пікірсайыс АПФ форматта өткізілді. Пікірсайысқа «БЭМС» және «Әділет пен Ақиқат» фракциялары қатысты. Оқушылардың белсенді жұмыстары мен дайындық нәтижелері сүйсіндірді. Нәтижесінде «БЭМС» фракциясы жеңіске жетті.





«Жалпыұлттық дебаттық қозғалысы» жобасын іске асыру мақсатында Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде 22 қараша күні «Жалын» дебат клубының мүшелері 8-сынып оқушыларына «Дебат-ұрыс алаңы емес» тақырыбында тренинг өткізілді. 9-«Г» сынып оқушы Азамхан Индира дебаттың мақсатын, негізгі бағыттарын, спикерлердің міндетерін, дебат құрылымын, жалпы дебат туралы толық түсіндірді.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өзін-өзі басқару, білім беру процесін демократияландыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру және бар мәселені бірлесіп шешу сияқты салаларда пікірсайыстың оң ықпалы бар екенін айтып, дебатқа қолдау білдіріп жүр. Дебат жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

